

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін электрондық нысандағы мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтер тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 ақпанда № 13354 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 341/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.09.2022 № 341/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз!

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 61) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "электрондық үкіметтің" веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін электрондық нысандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесі;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "электрондық үкіметтің" веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін электрондық нысандағы өзге де көрсетілетін қызметтер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б.Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 2016 жылдың 1 наурызынан бұрын емес қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2016 жылғы 30 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 106 бұйрығына 1 қосымша

**"Электрондық үкіметтің" веб-порталы және жылжымалы желінің
абоненттік құрылғысы арқылы көрсетілетін электрондық нысандағы
өзге де қызметтер тізбесі**

№ р/с	Электрондық нысандағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер атауы	Қызмет көрсету орны (ЭҮП, хабарлама, мобильдік қосымша)
1.	Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру	ЭҮП
2.	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық	

	жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама беру	ЭҮП, хабарлама, мобильдік қосымша
3.	Жеңілдігі бар тұлғаларға (Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, Чернобыль авариясын жоюшыларға, жауынгер-интернационалистерге) анықтамалар беру	ЭҮП
4.	Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру	ЭҮП
5.	Тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамаларын беру	ЭҮП, хабарлама, мобильдік қосымша
6.	Жүргізуші куәліктерін беру	ЭҮП
7.	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру	ЭҮП
8.	Өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығына куәліктер беру	ЭҮП
9.	Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру	ЭҮП
10.	Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу	ЭҮП
11.	Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу	ЭҮП
12.	Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру (мобильдік қосымша тек анықтамаларға қатысты)	ЭҮП, мобильдік қосымша
13.	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін,	ЭҮП

	сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша жүргізетін адамдарды тіркеу	
14.	Дара кәсіпкерді тіркеу есебі	ЭҮП
15.	Жекеше нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты, кәсіби медиаторды тіркеу есебі	ЭҮП
16.	Қазақстан Республикасына уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу	ЭҮП
17.	Салық төлеушілерді тіркеу	ЭҮП
18.	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу	ЭҮП
19.	Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебі	ЭҮП
20.	Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі	ЭҮП
21.	Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдарды тіркеу	ЭҮП
22.	Неке қиуды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу	ЭҮП, мобильдік қосымша
23.	Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу	ЭҮП
24.	Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу	ЭҮП
25.	Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру	ЭҮП
26.	Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу	ЭҮП

27.	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, банктерге, ішкі істер органдарына кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұра ресімдеу үшін анықтамалар беру	ЭҮП
28.	Кәмелетке толмаған балаларға меншік құқығында тиесілі мүлікпен жасалатын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру	ЭҮП
29.	Бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау	ЭҮП, мобильдік қосымша
30.	Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою	ЭҮП, мобильдік қосымша
31.	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау	ЭҮП
32.	Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну	ЭҮП
33.	Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру	ЭҮП
34.	Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу	ЭҮП
35.	Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау	ЭҮП
36.	Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру	ЭҮП
	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға	

37.	ақшалай қаражат төлеуді тағайындау	ЭҮП
38.	Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою	ЭҮП
39.	Бала асырап алу жөніндегі агенттікті аккредиттеу	ЭҮП
40.	Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау	ЭҮП
41.	Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеу	ЭҮП
42.	Жылжымалы мүлік кепілінің тізілімінен үзінді беру	ЭҮП, мобильдік қосымша
43.	Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
44.	Жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
45.	Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
46.	Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
47.	Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
48.	Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру	ЭҮП
	Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін	

49.	ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің , сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
50.	Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу және кеме ипотекасының мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттардың телнұсқасын беру	ЭҮП
51.	Шағын көлемді кемеің ипотекасын мемлекеттік тіркеу және шағын көлемді кемеің ипотекасының мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттардың телнұсқасын беру	ЭҮП
52.	Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру	ЭҮП
53.	Кемелерді Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
54.	Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
55.	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу	ЭҮП, мобильдік қосымша
56.	Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру	ЭҮП
57.	Жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын беру	ЭҮП
58.	Жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортының телнұсқасын беру	ЭҮП
59.	Жылжымайтын мүлік объектілері жоспарын (схемасын) қоса алғанда, тіркеу органы куәландырған тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беру	ЭҮП
60.	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама беру	ЭҮП, мобильдік қосымша
61.	Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама беру	ЭҮП, хабарлама, мобильдік қосымша

62.	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру	ЭҮП, мобильдік қосымша
63.	Жылжымайтын мүлік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметті қамтитын техникалық паспортқа қосымшаны беру	ЭҮП
64.	Лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу	ЭҮП
65.	Тауар таңбасына және өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеу	ЭҮП
66.	Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды аккредиттеу	ЭҮП
67.	Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау	ЭҮП
68.	Тауар таңбасын тіркеу	ЭҮП
69.	Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу	ЭҮП
70.	Өнеркәсіптік үлгіге патент беру	ЭҮП
71.	Пайдалы модельге патент беру	ЭҮП
72.	Өнертабысқа патент беру	ЭҮП
73.	А л ғ а ш қ ы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу	ЭҮП
74.	Дәрігердің қабылдауына жазылу	ЭҮП
75.	Дәрігерді үйге шақыру	ЭҮП, мобильдік қосымша
76.	Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру	ЭҮП
77.	Медициналық білімі бар мамандарға біліктілік санатын беру туралы куәлік беру	ЭҮП
78.	Х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандар үшін біліктілік санатын беру туралы куәлік беру	ЭҮП
79.	Медициналық ұйымдар қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тану мақсатында оларды аккредиттеу	ЭҮП
80.	Жеке тұлғаларды денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне	ЭҮП

	тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізу құқығына аккредиттеу	
81.	Сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау	ЭҮП
82.	Сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік беру	ЭҮП
83.	Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелуге (әкетуге) келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру	ЭҮП
84.	Аудандық орталықтан алыс елді мекендердегі бастапқы медициналық-санитариялық консультациялық диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының дәріхана пункттері арқылы және фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда жылжымалы дәріхана пункттері арқылы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды аттестаттау	ЭҮП
85.	Медициналық қызметке лицензия беру	ЭҮП
86.	Фармацевтикалық қызметке лицензия беру	ЭҮП
87.	Денсаулық сақтау саласында есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметтерге лицензия беру	ЭҮП
88.	Биологиялық белсенді заттарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулерді жүргізуге рұқсат беру	ЭҮП
89.	Фармакологиялық және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы клиникалық зерттеуді және (ЭҮП

	немесе) сынауды жүргізуге рұқсат беру	
90.	Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және дәрілік заттардың тіркеу құжатына өзгерістер енгізу	ЭҮП
91.	Балалар тамағы өнімдерін, тағамға тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, бояғыштарды, дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдарын, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу	ЭҮП
92.	Адам ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) адам тіндерін, қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге лицензия беру	ЭҮП
93.	Туыстас емес транспланттауды жүргізу мақсатында гемопозддікдің жасушаларын, сүйек кемігін өткізген жағдайда, оларды, сондай-ақ диагностикалық мақсаттарға арналған немесе биомедициналық зерттеулер жүргізу процесінде алынған жасушалардың, тіндердің, биологиялық сұйықтықтар мен сөлдердің, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті өнімдерінің, физиологиялық және патологиялық шығындылардың, сүртінділердің, қырындылардың, шайындылардың үлгілерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаттарын) беру	ЭҮП

94.	Фармацевтикалық білімі бар мамандарға біліктілік санатын беру туралы куәлік беру	ЭҮП
95.	Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру	ЭҮП
96.	Тамақ өнімін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмір беру	ЭҮП
97.	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын, эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу, реконструкциялау және кеңейту жобаларына, қалалық және ауылдық елді мекендердің, курорттық аймақтардың құрылыс салу бас жоспарларының жобаларына және егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру	ЭҮП
98.	I-IV патогенді топтардың микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат беру	ЭҮП
99.	Тамақ өнімінің жарамдылық мерзімдерін және оны сақтау шарттарын келісу туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру	ЭҮП
100.	Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою	ЭҮП
101.	Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру	ЭҮП
102.	Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту	ЭҮП

103.	Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау	ЭҮП
104.	Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау	ЭҮП
105.	Мынадай әлеуметтік тәуекелдер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау: еңбекке қабілеттілігін жоғалту, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу, жүкті болу мен босануға байланысты табысынан айырылу, жаңа туған баланы асырап алуға байланысты табысынан айырылу, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу	ЭҮП
106.	Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындау	ЭҮП
107.	Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау	ЭҮП
108.	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау	ЭҮП
109.	Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау	ЭҮП
110.	Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау	ЭҮП
111.	Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау	ЭҮП, мобильдік қосымша
112.	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы ақпарат беру	ЭҮП
113.	Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру	ЭҮП, мобильдік қосымша
114.	Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру	ЭҮП, мобильдік қосымша

115.	"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау	ЭҮП
116.	Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау	ЭҮП
117.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау	ЭҮП
118.	Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	ЭҮП
119.	"Болашақ" халықаралық стипендиясы стипендиатының мәртебесі туралы анықтама беру	ЭҮП
120.	Шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау	ЭҮП
121.	Білім беру қызметіне лицензия беру	ЭҮП
122.	Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру	ЭҮП
123.	Қазақ тілін білу деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)	ЭҮП, мобильдік қосымша
124.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	ЭҮП
125.	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу	ЭҮП
126.	Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу	ЭҮП
127.	Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру	ЭҮП
	Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның	

128.	құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
129.	Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру	ЭҮП
130.	Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының қатысушы заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)	ЭҮП
131.	Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару	ЭҮП
132.	Сот-сараптама қызметімен айналысу үшін лицензия беру	ЭҮП
133.	Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру және біліктілік емтиханын өткізу	ЭҮП
134.	Зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру және біліктілік емтиханын өткізу	ЭҮП
135.	Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу	ЭҮП
136.	Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру	ЭҮП
137.	Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау	ЭҮП
138.	Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру	ЭҮП
139.	Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу	ЭҮП
140.	Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру	ЭҮП
	Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық	

141.	және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру	ЭҮП
142.	Лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
143.	Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру	ЭҮП
144.	Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру	ЭҮП
145.	Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру	ЭҮП
146.	Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру	ЭҮП
147.	Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру	ЭҮП
148.	Тауар биржалары қызметімен айналысу құқығына лицензия беру	ЭҮП
149.	Тауар биржалары саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру	ЭҮП
150.	Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру	ЭҮП
151.	Қазақстан Республикасының аумағына жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға рұқсат беру	ЭҮП
152.	Сот сарапшыларын аттестаттау	ЭҮП
153.	Сот сарапшысы біліктілігін беру	ЭҮП
154.	Темекі өнімдерінің өндірісіне лицензия беру	ЭҮП
155.	Этил спиртінің өндірісіне лицензия беру	ЭҮП
156.	Алкоголь өнімінің өндірісіне лицензия беру	ЭҮП
157.	Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада сатуға лицензия беру	ЭҮП
158.	Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь	ЭҮП

	өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру	
159.	Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру	ЭҮП
160.	Туристік операторлық қызметті (туроператорлық қызмет) жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
161.	Халықаралық жүк көлік құралдарын өлшеу сертификатын беру	ЭҮП
162.	Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және рұқсат карточкасын беру	ЭҮП
163.	Халықаралық техникалық байқау сертификатын беру	ЭҮП
164.	Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу үшін лицензия беру	ЭҮП
165.	Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді көлік құралдарының (шетелдік көліктерді қоса алғанда) жүріп өтуі үшін арнайы рұқсат беру	ЭҮП
166.	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы	ЭҮП

	машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу	
167.	Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат беру	ЭҮП
168.	Авиация персоналына куәліктер беру	ЭҮП
169.	Пайдаланушы сертификатын беру	ЭҮП
170.	Халықаралық тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсат беру	ЭҮП
171.	Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру	ЭҮП
172.	Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру	ЭҮП
173.	Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру	ЭҮП
174.	Азаматтық әуе кемелерінің шет мемлекет берген ұшуға жарамдылығы сертификатын тану туралы шешім беру	ЭҮП
175.	Азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығының сертификатын беру	ЭҮП
176.	Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексеруді ұйымдастыруы жөнінде сертификат беру	ЭҮП
177.	Авиациялық жұмыстарды орындауға куәлік беру	ЭҮП
178.	Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік тасымалдаушыларды тіркеу туралы куәлік беру	ЭҮП
	Азаматтық авиацияның авиациялық техникасына	

179.	техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу ұйымына сертификат беру	ЭҮП
180.	Ұшуларды орындау құқығына куәлік беру (жалпы мақсаттағы авиация пайдаланушы)	ЭҮП
181.	Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру	ЭҮП
182.	Әуе айлағының (тікұшақ айлығының) жарамдылығы сертификатын беру	ЭҮП
183.	Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру	ЭҮП
184.	Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру	ЭҮП
185.	Ұшу жарамдылығының экспорттық сертификатын беру	ЭҮП
186.	Экипаж мүшесінің куәлігін беру	ЭҮП
187.	Азаматтық әуе кемесі үлгісінің сертификатын беру	ЭҮП
188.	Бербоут-чартер тізілімінде теңіз кемелерін мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
189.	Кеме экипаждың ең аз құрамы туралы куәлік беру	ЭҮП
190.	Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды жүзеге асыруына рұқсат беру	ЭҮП
191.	Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау	ЭҮП
192.	Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру	ЭҮП
193.	Техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізу	ЭҮП
194.	Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде, жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру	ЭҮП
195.	Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының	ЭҮП

	тасымалдаушыларына шет мемлекет аумағы арқылы жүріп өтуге рұқсат беру	
196.	1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру	ЭҮП
197.	Көлік құралына халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік беру	ЭҮП
198.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензия беру	ЭҮП
199.	Озонды бұзатын заттарды және құрамында озонды бұзатын заттар бар өнімдерді Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкетуге лицензия беру	ЭҮП
200.	Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру	ЭҮП
201.	I санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру	ЭҮП
202.	Қауіпті қалдықтар паспорттарын тіркеу	ЭҮП
203.	II, III және IV санаттардағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру	ЭҮП
204.	II, III және IV санаттардағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру	ЭҮП
205.	Табиғат қорғау мекемелерінің учаскелерін құрылыс объектілеріне ұзақ мерзімді пайдалануға рұқсат беру	ЭҮП
206.	Табиғатты қорғау мекемелерінің учаскелерін қысқа мерзімді пайдалануға рұқсат беру	ЭҮП
	Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін қысқарту, сондай-ақ парниктік газдарды түгендеу туралы есепті растау	

207.	саласындағы кәсіби верификациялық және валидациялық (детерминациялық) қызметті жүзеге асыратын тәуелсіз ұйымдарды аккредиттеу	ЭҮП
208.	Парниктік газдар шығарындыларына сертификат беру және қайта ресімдеу	ЭҮП
209.	Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыруды және пайдалануға беруді, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын келісу	ЭҮП
210.	Қазақстан Республикасы Су кодексінің 66-бабының 1-тармағында көрсетілген құрылыстарды немесе техникалық құрылғыларды қолдана отырып, жерүсті суларын жинау және (немесе) пайдалану	ЭҮП
211.	Су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын келісу	ЭҮП
212.	Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды орналастыруға және салуға жобалық құжаттаманы келісу	ЭҮП
213.	Жер қойнауы бөлігінен тәулігіне елуден екі мың шаршы метрге дейін алу лимиттерімен шаруашылық-ауызсу және өндірістік-техникалық жерасты суларын пайдалану	ЭҮП
214.	Өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, сорғытылған және басқа да сарқынды суларды жерүсті су объектілеріне, су шаруашылығы құрылыстарына немесе жер бедеріне ағызу	ЭҮП
215.	Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерде кеме жүргізу режиміне келісім беру	ЭҮП

216.	Бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына ұйымдарды аттестаттау	ЭҮП
217.	Ағаш кесу және орман билетін беру	ЭҮП
218.	Орман ресурстары, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар ; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде учаскелерді құрылыс объектілерін салуға пайдалануға рұқсат беру	ЭҮП
219.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
220.	Орманның жай-күйі мен молықтырылуына әсер ететін объектілерді салу орындарын келісу	ЭҮП
221.	Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес жұмыстарды жүргізуге келісу	ЭҮП
222.	Әкімшілік органның Жабайы флора мен фаунаның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағында әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат беруі	ЭҮП
223.	Өсімдіктер әлемінің объектілерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын, оның ішінде сирек және құрып кету қаупі төнген өсімдіктер санатына жататын өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру	ЭҮП
224.	Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру	ЭҮП

225.	Қазақстан Республикасының сыртқы нарығында бекіре тұқымдас балықтар уылдырығының саудасы үшін таңбаны бекіту және Қазақстан Республикасының ішкі нарығында саудалауға арналған таңбаны беру	ЭҮП
226.	Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды келісу	ЭҮП
227.	Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына енгізілген жануарлар түрлерін қолдан өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу	ЭҮП
228.	Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама беру	ЭҮП
229.	Дала кеміргіштерін жою кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыру індеті мен басқа да аурулары жағдайларында улы химикаттарды қолдана отырып, жануарлар дүниесі объектілерін аулауды келісу	ЭҮП
230.	Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру	ЭҮП
231.	Саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру	ЭҮП
232.	Жер асты суларын, емдік балшықты және қатты пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлесіп барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу	ЭҮП
233.	Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметін жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
234.	Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу	ЭҮП
235.	Таратылған қорды пайдалануға рұқсат беру	ЭҮП
236.	Жерасты суларын, емдік балшықты және қатты пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді жүргізу үшін берілген жер	ЭҮП

	қойнауы учаскесінде сервитуттарды тіркеу	
237.	Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтама беру	ЭҮП
238.	Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыруына лицензия беру	ЭҮП
239.	Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру	ЭҮП
240.	Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру	ЭҮП
241.	Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда) бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру	ЭҮП
242.	Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Кеден одағына кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру	ЭҮП
243.	Болашақ құрылыс учаскесі астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ немесе	ЭҮП

	оның аз мөлшерде екендігі туралы қорытынды беру	
244.	Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ жинақталған жерлерде жерасты құрылыстарын орналастыруға рұқсат беру	ЭҮП
245.	Кеден одағы аумағының шегінде Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге геологиялық ақпаратты шығаруға рұқсат беру	ЭҮП
246.	Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу	ЭҮП
247.	Мемлекеттік тіркей отырып, ветеринариялық препараттарға, жемшөптік қоспаларға тіркеу куәліктерін беру	ЭҮП
248.	Астықты экспорттаушыға мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу жөніндегі міндеттемелерді астық экспорттаушының сақтағаны туралы растама беру	ЭҮП
249.	Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану	ЭҮП
250.	Жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өндеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру	ЭҮП
251.	Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру	ЭҮП
	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының	

252.	аумағында тасуға карантиндік сертификат беру	ЭҮП
253.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру	ЭҮП
254.	Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру	ЭҮП
255.	Селекциялық жетістікке патент беру	ЭҮП
256.	Ветеринариялық зертханалар (сынау хаттамалары) беретін сараптама актілерін беру	ЭҮП
257.	Жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру	ЭҮП
258.	Ветеринариялық анықтамалар беру	ЭҮП
259.	Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау	ЭҮП
260.	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	ЭҮП
261.	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау	ЭҮП
262.	Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу	ЭҮП
	Тіркеу және өндірістік сынақтар өткізуге арналған өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарын, сондай-ақ лицензиялаусыз қайта анықталған карантиндік зиянды ағзаның	

263.	ошақтарын жоюға арналған өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының шектелген санын әкелудің орындылығы туралы Кеден одағына мүше мемлекеттердің уәкілетті органының қорытындысын беру	ЭҮП
264.	Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу	ЭҮП
265.	Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру	ЭҮП
266.	Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау	ЭҮП
267.	Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау	ЭҮП
268.	Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
269.	Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру	ЭҮП
270.	Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру	ЭҮП
271.	Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру	ЭҮП
272.	Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау	ЭҮП
	Қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын	

273.	станцияларды жобалауды және салуды келісу	ЭҮП
274.	Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеу	ЭҮП
275.	Электр зертханасын аккредиттеу	ЭҮП
276.	Күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт астам немесе белгіленген жылу қуаты сағатына 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз теңгерімінде 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары кернеудегі электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға әзірлік паспортын беру	ЭҮП
277.	Энергетикалық ұйымдардың басшыларын және мамандарын аттестаттау	ЭҮП
278.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу	ЭҮП
279.	110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталама (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды беру	ЭҮП
280.	Электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін техникалық жарактандырудан кейін пайдалануға қабылдау	ЭҮП
281.	Тұтынушыларды жүктелімді ажыратудың арнайы автоматикасына қосу	ЭҮП
282.	Электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беру мен бөлуді және оларды энергиямен жабдықтау мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану	ЭҮП

	қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуін біліктілік тексеру	
283.	Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру	ЭҮП
284.	Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру	ЭҮП
285.	Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру	ЭҮП
286.	Сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау	ЭҮП
287.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
288.	Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру	ЭҮП
289.	Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
290.	Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
291.	Иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
292.	Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
293.	Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру	ЭҮП
	Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәуле шығарудың радиоизотопты	

294.	көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдауға лицензия беру	ЭҮП
295.	Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарында және жүргізілген ядролық сынақтардың салдарынан ластанған басқа аумақтарда қызметтерді жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
296.	Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға лицензия беру	ЭҮП
297.	Ядролық және радиоактивті қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
298.	Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
299.	Оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жинақтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
300.	Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
301.	Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнаулы құралдарды жою (жою, тазарту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу қызметін жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП

302.	Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
303.	Жекелеген тауарлар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру	ЭҮП
304.	Экспорттық бақылауға жататын өнімді экспорттауға және импорттауға лицензия беру	ЭҮП
305.	Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру	ЭҮП
306.	Экспорттық бақылауға жататын өнімді кері экспорттауға рұқсат беру	ЭҮП
307.	Кепілдік міндеттемені (түпкілікті пайдаланушының сертификатын) беру	ЭҮП
308.	Тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды беру	ЭҮП
309.	Химиялық өнімді тіркеу және есепке алу	ЭҮП
310.	Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Кеден аумағында/аумағынан тыс өңдеу және ішкі тұтыну үшін өңдеу шарттары туралы құжат беру	ЭҮП
311.	Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға жатқызылатын тауарларды жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларындағы өнеркәсіптік өңдеуге арналған, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясы тауарларын растау туралы қорытынды беру	ЭҮП
	Энергия өндіруші ұйымдар инвестициялық міндеттемелерді	

312.	орындау туралы жылдық есепті тапсырған жағдайда олардың жабдығының техникалық күйі туралы қорытынды беру	ЭҮП
313.	Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалық пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-ретке келтіру, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру	ЭҮП
314.	Теңіз құрылыстарын салуға немесе орналастыруға рұқсаттар беру	ЭҮП
315.	Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану ұңғымасын немесе өзге де ұңғыманы бұрғылауға рұқсаттар беру	ЭҮП
316.	Қойнау-қатішілік қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды айдауға рұқсаттар беру	ЭҮП
317.	Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі жұмыстарға рұқсаттар беру	ЭҮП
318.	Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай және газ саласындағы магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру	ЭҮП
319.	Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу	ЭҮП
320.	Көмірсутегі шикізаты, көмір және уран бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу	ЭҮП
321.	Көмірсутегі шикізаты, көмір және уран бөлігінде жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарды тіркеу	ЭҮП
	Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша	

322.	берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер, салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан көшірме беру	ЭҮП, мобильдік қосымша
323.	Қазақстан Республикасының резиденттігін растау	ЭҮП
324.	Салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау)	ЭҮП
325.	Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру	ЭҮП
326.	Салық есептілігін қабылдау	ЭҮП
327.	Салық есептілігін кері қайтарып алу	ЭҮП
328.	Салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың төленген сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу	ЭҮП
329.	Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару	ЭҮП
330.	Салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту	ЭҮП
331.	Кеден одағы шеңберінде тауарлардың экспорты (импорты) кезінде салықтық нысандарды қабылдау	ЭҮП
332.	Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханын өткізу	ЭҮП
333.	Бухгалтерлердің кәсіби ұйымын аккредиттеу туралы куәлік беру	ЭҮП
334.	Бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау бойынша ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік беру	ЭҮП

335.	Кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік беру	ЭҮП
336.	Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	ЭҮП
337.	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға лицензия беру	ЭҮП
338.	Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру	ЭҮП
339.	Банк ашуға рұқсат беру	ЭҮП
340.	Банктерге банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру	ЭҮП
341.	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банк операцияларына лицензия беру	ЭҮП
342.	Ислам банктері жүзеге асыратын банк операцияларына лицензия беру	ЭҮП
343.	Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе сатып алуына рұқсат беру	ЭҮП
344.	Банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталына елеулі қатысуына рұқсат беру	ЭҮП
345.	Банкті (банк холдингін) ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беру	ЭҮП
346.	Банкті ерікті түрде таратуға рұқсат беру	ЭҮП
347.	Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру	ЭҮП
348.	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беру	ЭҮП
349.	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру	ЭҮП
	Сақтандыру холдингінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру)	

350.	ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру	ЭҮП
351.	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру	ЭҮП
